

Диссертациялық кеңес
туралы үлгі ережеге
5-қосымша

Ресми рецензент, филология ғылымдарының докторы, профессор Садирова Кулзат Каниевнаның «8D02301 – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия (PhD) докторы дәрежесін алу үшін Каппасова Айгерим Шугаевнаның «БАҚ-тағы интертекстуалдылықтың типтері және репрезентациясы» тақырыбындағы диссертациялық

жұмысына
ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның	«БАҚ-тағы интертекстуалдылықтың типтері және репрезентациясы» деген тақырыпқа жазылған диссертация Қазақстан Республикасының төмендегідей мемлекеттік бағдарламасына сәйкес орындалған: - Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасы және рухани құндылықтары. Тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, салт пен құндылықтардың ортақтығы // Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы - ҚР Үкіметі жанындағы ЖҒТК бекіткен ғылым дамуының 5. «Мәңгілік ел» ғылыми негіздері (XXI ғасырда білім беру, гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер. Диссертациялық жұмыс арнайы бағдарлама аясында орындалмаған.

		<p>немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);</p> <p>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);</p> <p>3) диссертация <u>Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</u></p>	<p>Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағыттарына сәйкес келеді: 5. «Мәңгілік ел» ғылыми негіздері (XXI ғасырда білім беру, гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер. 27. 04.2016 ж).</p>
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	<p>Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның <u>маңыздылығы ашылған/ашылмаған.</u></p>	<p>Диссертант А.Ш. Каппасованың зерттеу нәтижелері мәтін лингвистикасы, прагмалингвистика, лингвомәдениеттану, медиадискурс теориясын дамытуға елеулі үлесін қосады, ал оның маңыздылығы ашылған, ол осы бағыттағы ғылыми тұжырымдарды және тілдік деректерді салыстыра, салғастыра талдауға негізделген. Алынған зерттеу нәтижелері маңызды деп санаймыз.</p>
3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <p><u>1) жоғары;</u></p> <p>2) орташа;</p> <p>3) төмен;</p> <p>4) өзі жазбаған.</p>	<p>А.Ш. Каппасованың өзі жазу деңгейі жоғары, академиялық жазу қағидаттары мен стилін меңгерген, өзіндік сыни көзқарасы қалыптасқан, ғылыми ойды нақты жеткізе білген. Өзінің жеке пайымдауларын ұсына отырып, ғылыми ережелерді</p>

		<p>1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.</p>	<p>ерекшеліктерін жан-жақты талдау, сондай-ақ газет тілінде кездесетін прецедентті құбылыстардың қызметін айқындау және олардың оқырман тарапынан қабылдану деңгейін эмпирикалық негізде сараптау. Аталған мақсат пен оған қол жеткізудегі міндеттер зерттеу тақырыбына толығымен сәйкес келеді, жұмыста нақты тұжырымдалған және іздену барысында диссертант қойылған мақсат-міндеттерге толық қол жеткізген (7-8 беттер).</p>
		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың құрылымы кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан және пайдаланған әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады. Зерттеу жұмысында диссертант аталған бөлімдердің мазмұнын логикалық жағынан байланыстырған және жүйелі түрде берген. Атап айтқанда, бірінші бөлімде (12-48 беттер) интертекстуалдылық терминінің анықталуына, интертекстуалдылық теориясының қалыптасуы мен зерттелуіне тоқталып, интертекстуалдылық элементтерінің жіктемесіне, БАҚ-тағы аллюзия, реминисценция құбылыстарына сипаттама беріп, БАҚ тілінің өзіндік сипаты мен баспасөз мәтіндерінің зерттелуіне шолу жасап, аталған мәселелерге қатысты ғылыми тұжырымдарды теориялық тұрғыдан талдап, нақты деректермен дәйектеген.</p> <p>Екінші бөлімде интертекстуалдылық байланыстың негізгі маркері прецедентті құбылыстар болып саналатынын анықтай отырып, теориялық</p>

			<p>зерттеулердегі негізгі тұжырымдарға сүйеніп, прецедентті феноменнің прецедентті есім, прецедентті жағдай, прецедентті айтылым, прецедентті мәтін деген жіктемесіне тоқталып, аталған терминдердің және прецедентті әлем ұғымының ғылыми айналымдағы анықтамаларына, газет мәтінінің тақырыпаттарындағы қолданыстық қызметіне, оларды оқырманның қабылдап түсінуінің мағыналық құрылымына қатысты 4 түрге жіктелуіне талдау жасай отырып, прецеденттілік терминін өзінше тұжырымдайды, анықтайды. Аталған бөлімде прецедентті мәтіннің БАҚ мәтіндеріндегі көрінісін талдап, прецедентті мәтіндерді алынған дереккөзіне сай 6 топқа жіктеген (көркем әдебиеттен, ән мәтіндерінен, тарихи-философиялық, саяси сипаттағы публицистикалық мәтіндерден, сакралды мәтіндерден, кинофильм, мультфильм, телебағдарламалар, олардың үзінділерінен, жарнамадан алынған), әр түрін жеке сипаттап, қызметін анықтаған, прецедентті мәтіндер санатына интернет-мемдерді де жатқызуды ұсынған, өз ойын нақты тілдік талдаулармен дәйектеген, прецедентті айтылымның лингвомәдени сипатын зерделеуде И.В.Захаренко ұсынған прецедентті айтылымның құрылымдық сызбасын негізге алып, талдау жасауда соған сүйенген. Прецедентті айтылымдардың лингвомәдени сипатын ашуда қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде бірдей кездесетін прецедентті</p>
--	--	--	--

айтылымдарды салғастырып талдап, олардың қазіргі қолданыста жұмсалу, танылу деңгейін анықтау мақсатында 234 респондент қатысқан сауалнама алынып, талданған. Диссертант өзінің тарапынан прецедентті символ терминін ұсынып, оны анықтап, дәстүрлі символдан ерекшелігін Аққу, Самұрық, Хатико, Құлагер символдарын талдау арқылы ашып көрсеткен, прагматикалық және семантикалық аспектіде талдау жасаған. Прецедентті мәтіндердің жастардың қабылдауында танылуын анықтау мақсатында қазақ (144) және орыс тілді (90) студенттер арасында сауалнама алынып, талданып, қорытындыланған (98-112 беттер).

Үшінші бөлім жасанды интеллект технологиясы арқылы прецедентті феномендерді автоматты анықтау мен семантикалық интерпретациялауға арналып, диссертант тарапынан Python бағдарламалау тілі және бірнеше қуатты кітапханалар негізінде прецедентті құбылыстарды анықтауға және олармен жұмыс істеуге арналған жоғары деңгейлі бағдарламалық қосымша әзірленіп, оның құрылымы мен жұмыс жасау алгоритмі сипатталған. Өздері ұсынған бағдарламалық қосымшаны қолданып медиамәтіндердегі эмбебап прецедентті феномендерді (Стокгольм синдромы, Дон Кихот, Ахиллестің өкшесі) іздеуді және қосымшадағы көрінетін ақпаратты сипаттаған, сондай-ақ аталған эмбебап прецедентті тіркестердің

			<p>қазақ және орыс тілді студенттер қабылдауында танылуына қатысты сауалнама алып, нәтижесін талдап, қорытындылаған. Ұлттық прецедентті феномендердің (Алпамыс, Ер Төстік, Толағай, Қыз Жібек, Асан Қайғы, Қорқыт ата, Атымтай Жомарт пен Шығайбай) газет мәтіндеріндегі репрезентациясын талдап, Python бағдарламасында берілген сипатын ұсынған (113-146-беттер). Зерттеу жұмысының барлық бөлімдері бір-бірімен логикалық байланысқан.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: <u>1) сыни талдау бар;</u> 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.</p>	<p>Диссертант ұсынып отырған жаңа шешімдер, қағидаттар мен әдіс-тәсілдер диссертациялық жұмыста дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған. А.Ш. Каппасованың өзіндік пікірін білдіретін сыни талдаулар бар, диссертант зерттеуінің 81-бетінде Т.Б.Радбильтің мемді жаңа типтегі прецедентті феномен деп санауына қатысты пікіріне сыни талдау жасай отырып, ғалымның ойымен келіспей, мемдердің прецедентті феномендерді таратушы құрал болатынын негіздейді. Сондай-ақ диссертанттың өзі жүргізген сауалнама жауаптарын талдауынан да автордың жаңа шешімдерін өзіндік сыни талдауға негіздегенін анық аңғаруға болады.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? <u>1) толығымен жаңа;</u> 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p>	<p>Диссертацияның ғылыми нәтижелері мен тұжырымдары толығымен жаңа. Өйткені қазақ тілді бұқаралық ақпарат құралдарындағы интертекстуалдылық құбылысы алғаш рет кешенді</p>

3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).

және жүйелі түрде зерттеу нысанына айналып отыр. Интертекстуалдық құрылымдардың нақты тілдік деректер негізінде талданып, олардың мәтіндік және прагматикалық қызметтерінің айқындалуы — бұл саладағы жаңа ғылыми қадам. Зерттеуде прецеденттілік пен интертекстуалдылықтың қазақ тілді медиамәтіндерде лингвомәдени және прагматикалық аспектіде қарастырылып, ұлттық-мәдени мағына түзілуінің ерекшеліктерінің ашылуы, қазақ тіліндегі прецедентті феномендердің типологиясының ұсынылып, олардың функционалдық-когнитивтік негізде жіктелуі ғылыми жаңалық ретінде бағаланады. Диссертант тарапынан «прецедентті символ» ұғымының ғылыми айналымға ұсынылуы да тың жаңалық. Python бағдарламалау тілі арқылы интертекстуалды бірліктерді автоматты тануға арналған прецедентті феномендер базасының жасалуы — бұл саладағы алғашқы қолданбалы модель ретінде ерекшеленіп, пәнаралық бағыттағы жаңалық болып табылады. Сондай-ақ ағылшын, орыс және қазақ тілдеріндегі 70-тен астам прецедентті бірліктің мәдени және прагматикалық сипаттамасы беріліп, олардың интертекстуалдылық жүйесіндегі орны жүйелі түрде сипатталуы алынған нәтиже, ережелердің жаңалығын негіздейді.

Осы айтылғандар диссертациядағы ғылыми нәтижелер мен тұжырымдардың жаңалығын,

		өзектілігін және теориялық-практикалық маңызын дәлелдейді.
	<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) <u>ішінара жаңа</u> (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Ғылыми жұмыста алынған алты қорытындының екеуі – <u>толығымен жаңа</u>, төртеуі – <u>жаңа</u>.</p> <p>Алғашқы тұжырымда интертекстуалдылықты мәтіннің басқа мәтіндердің элементтерін өзіне енгізу қасиеті деп анықтайды. Интертекстуалдылықты қазіргі медиамәтін құрылымының маңызды когнитивтік және прагматикалық құраушысы ретінде танып, бұл құбылысты БАҚ дискурсында автор мен оқырман арасындағы мәдени-кодтық байланысты нығайтып, ақпаратты ықпалды жеткізуге қызмет етеді деп қорытындылайды. Қорытындыны <u>ішінара жаңа</u> деп санаймыз. Себебі интертекстуалдылықтың мәтін құраудағы рөлі, әсіресе медиамәтіндердегі қызметі қазіргі медиалингвистикада кең талқыланған мәселе (Ю.Кристеваның, Р.Барттың, В.Виноградовтың еңбектерінде негізделген). Алайда бұл құбылыстың <i>қазақ тілді медиадискурстағы прагматикалық-когнитивтік сипаты алғаш рет нақты тілдік дерек негізінде қарастырылуы</i> — зерттеудің <i>өзіндік жаңалығы</i> ретінде бағаланады.</p> <p>Басылым беттерінде интертекстуалды элементтердің ішінде аллюзия мен реминисценция түрлерінің көп кездесуі, олардың мәтінге қосымша семантикалық қабаттар енгізіп, оған мағыналық тереңдік пен экспрессивтік реңк беретіндігі, танымал әдеби немесе мәдени шығармаларға жанама түрде сілтеме</p>

жасау арқылы автор негізгі мәтіннің әсерін күшейтіп, оқырман санасында жаңа интерпретациялық модельдердің қалыптасуына ықпал ететіні, мұндай интертекстуалды элементтердің саяси дискурс аясындағы мәтіндерде жиі қолданылатыны туралы екінші тұжырымы – ішінара жаңа. Интертекстуалдық элементтер ретінде аллюзия мен реминисценцияның қызметі бұған дейін де лингвистикада сипатталған. Алайда олардың қазақ тілді саяси дискурстағы жиілігі мен прагматикалық әсері жүйелі сипатқа алғаш рет ие болуы, әсіресе медиаталдау негізінде дәлелденуі – жаңа.

Прецедентті құбылыстар интертекстуалды байланыстардың, интертекстуалды сілтемелер жасаудың негізі ретінде жұмсалатыны, олардың кең аудиторияға таныс мәдени-когнитивтік мазмұнды иеленген цитаталардың, тұспалдаулардың қайнар көзіне айналып, мәтінге қосымша семантикалық қабаттар енгізу арқылы оның мағыналық құрылымын байытатыны, интертекстуалды элементтер мәдени жадыда орныққан білімдер жүйесін белсендіретіні, сол арқылы мәтіннің прагматикалық әсерін арттыратыны туралы үшінші тұжырымы – ішінара жаңа. Прецедентті бірліктердің интертекстуалдық қызметі туралы теориялық мәліметтер бұрыннан белгілі (Ю.Н.Караулов, В.В.Иваницкий және т.б.). Бірақ қазақ медиамәтінде олардың семантикалық және прагматикалық қызметтерін нақты тілдік

дерекпен талдау, ұлттық мәдени кодпен байланысын көрсету – жаңа.

Төртінші қорытындыда прецеденттілікті әр ұлттың санасында жатталып орныққан, ерекше символдық мәнге ие болған мәдени жадтың көрінісі, уақыт өте өзгертін, кейде өзектілігін, маңыздылығын жоғалтып, ал бір кездері қайта жаңғырып отыратын феномендер деп тұжырымдаған. Прецедентті феномендердің баспа мәтіндерінің тақырыпаттарында, газет дискурсында және түрлі веб-платформаларда (сайттарда) жиі қолданыс табатыны, бұл бірліктердің мәтін құрылымына ұлттық мазмұнды, мәдени кодтарды, негізгі құндылықтарды және ұлттық сананың көріністерін шоғырландырып, оларды ықшам әрі әсерлі түрде жеткізуге мүмкіндік беретіні туралы тұжырымы – толығымен жаңа. Бұл тұжырым прецеденттілікке динамикалық, трансформацияға бейім феномен ретінде қарауды ұсынады. Әсіресе, казак медиадискурсында олардың ұлттық мазмұн мен мәдени кодты жеткізудегі рөлі алғаш рет сипатталып отыр. Бұл – мәдени семиотика мен лингвомәдениеттану тоғысында алынған *тың тұжырым*.

Бесінші тұжырымда прецедентті символды белгілі бір тарихи шындыққа, өмірде орын алған нақты оқиғаға негізделген, ұжымдық санада тұрақты мәдени-танымдық ассоциация қалыптастыратын

			<p>және медиадискурста прагматикалық мақсатта жиі қолданылатын прецедентті феноменнің ерекше түрі деп анықтап, оның белгілі бір мәдени кодтың тасымалдаушысы ретінде қызмет ететінін және өзінің семантикалық күрделілігімен, көпқабатты мағына беру қабілетімен ерекшеленетінін тұжырымдауы – <u>толығымен жаңа</u>. «Прецедентті символ» ұғымы – зерттеуші тарапынан ғылыми айналымға жаңадан енгізілген термин. Бұл – прецедентті бірліктердің типологиясын тереңдетіп, олардың семантикалық құрылымын айқындауға бағытталған қазақ лингвистикасындағы теориялық жаңалық.</p> <p>Прецедентті феноменнің мәдени маңызы, тарихи-мәдени трансформациясы, референттік сипаты, символикалық мазмұны, қолданыс аясы мен прагматикалық функциялары, сондай-ақ олармен байланысты семантикалық ассоциациялар жүйесі болатыны және бұл ерекшеліктердің прецедентті феноменнің өзіндік қасиетін, табиғатын, сипатын аша түсетіні туралы алтыншы тұжырымы – <u>ішінара жаңа</u>. Бұл тұжырым жалпы семантикалық талдауға негізделген, ал мұндай бағыт прецеденттілік феноменінде бұрыннан бар (мысалы, Ю.Караулов еңбегінде). Алайда <i>қазақ тілді мәтіндер негізінде жүйеленуі, сондай-ақ ұлттық мәдени мазмұнмен байланыстырылуы – жаңа</i>.</p>
		5.3 Техникалық, технологиялық,	Диссертациялық жұмыстың мақсатына жету үшін

		экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	қолданылатын техникалық, экономикалық немесе басқару шешімдері толығымен жаңа және негізделген.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген</u> /негізделмеген (qualitative research (куоолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Ғылыми жұмыстағы негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген. Атап айтқанда, зерттеудің негізгі ғылыми нәтижелері 2010-2025 жылдар аралығында жарық көрген «Жас Алаш», «Егемен Қазақстан», «Орталық Қазақстан», «Ана тілі», «Айқын», «Қазақ үні», «Қазақ әдебиеті» сияқты мерзімді басылымдар беттеріндегі және https://abai.kz. , https://baq.kz. , https://massaget.kz. , https://adebiportal.kz. сайтынан алынған 400 мақала мәтіні мен 70 прецедентті феноменге (ұлттық 35, универсалды 35) мазмұндық және құрылымдық талдау негізінде алынған. Талдау И.В.Захаренко ұсынған прецедентті айтылымның құрылымдық сызбасына, В.В.Красных ұсынған прецедентті есімдерді талдау сызбасына негізделген. Прецедентті феномендердің жастар танымында қабылдануын анықтау мақсатында алынған сауалнама нәтижелері мен оның талдамасы да негізгі қорытындыларды дәйектейді.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? <u>1) дәлелденді</u> ;	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер: 1-ереже тіл біліміндегі интертекстуалдылық құбылысының теориялық әрі әдістемелік мәселелерін, негізгі аспектілерін егжей-тегжейлі

	<p>2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) <u>жоқ</u>; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.3 Жаңа ма? 1) <u>ия</u>; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) <u>кең</u> 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) <u>ия</u>; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	<p>зерттеген ғалымдар тұжырымдарын салыстыра, сыни талдау жасау арқылы және соның негізінде дәлелденген. <i>Тривиалды емес. Жаңа. Қолдану деңгейі кең. Мақалада дәлелденген.</i></p> <p>2-тұжырымында мифологиядан алынған ұғымдарға негізделген «Троян аты», «Пандора жәшігі» аллюзияларына, «Интернатта оқып жүр, талай қазақ баласы», «Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы...», «Даудың басы – Дайрабайдың көк сиыры», «Жусан иісі» сынды отандық көркем әдебиет туындыларынан цитация арқылы алынған реминисценцияларға жасалған нақты талдаумен, теориялық зерттеулердегі тұжырымдармен дәлелденген. <i>Тривиалды емес. Жаңа. Қолдану деңгейі кең. Мақалада дәлелденген.</i></p> <p>3-тұжырым тіл біліміндегі прецедентті құбылыстарды когнитивтік, лингвомәдени, психолингвистикалық және т.б. аспектіде қарастырған ғылыми зерттеулердегі негізгі тұжырымдармен сабақтастырылып дәлелденген. <i>Тривиалды емес. Жаңа. Қолдану деңгейі кең. Мақалада дәлелденген.</i></p> <p>4-тұжырым қазақ және орыс тілші ғалымдарының зерттеулеріндегі теориялық тұжырымдарды негізге ала отырып, БАҚ мәтіндеріндегі прецеденттілікті танытатын бірліктерді талдаулармен, «Оян, қазақ!» прецедентті мәтінінің жастар арасында қабылдануын анықтау мақсатында алынған сауалнама нәтижелерін және интернет-мемдерді талдаумен, қазақ, орыс және</p>
--	---	---

ағылшын ұлтына тән прецедентті айтылымдарды салғастыра зерделеумен, жастарға өздері күнделікте өмірде қолданатын, жанындағы достары пайдаланатын және ата-анасы жиі айтатын мақал-мәтелдер жазуды ұсынған сауалнама нәтижесінде жинастырылған 111 прецедентті айтылымды талдаумен дәлелденген. *Тривиалды емес. Жаңа. Қолдану деңгейі кең. Мақалада дәлелденген.*

5-тұжырым Ю.Н.Караулов, И.В.Захаренконың прецедентті феномендердің символдық сипатына қатысты тұжырымдарына сүйене отырып, диссертанттың Асан Қайғы, Құлагер, Хатико, Акку, Самұрық символдық бейнелерін талдау нәтижелерімен, «Сіз үшін жүйрік тұлпар символы» деген сауалнама нәтижесін талдаумен дәлелденген. *Тривиалды емес. Жаңа. Қолдану деңгейі кең. Мақалада дәлелденген.*

6-тұжырым қазақ, орыс, ағылшынтілді медиамәтіндердегі универсалды прецедентті феномендерді іздеу мақсатына сай іріктелген, үш ұлтқа да белгілі, үш тілді медиамәтіндерде де кездесетін «Стокгольм синдромы», «Ахиллестің өкшесі», «Дон Кихот» универсалды прецедентті құбылыстарын талдап, Python бағдарламасына енгізіп, универсалды прецедентті феномендердің сипаттамасын кестелеумен дәлелденген. *Тривиалды емес. Жаңа. Қолдану деңгейі кең. Мақалада дәлелденген.*

			<p>Ұсынылып отырған зерттеу жұмысының негізгі қорытындылары интертекстуалдық мәселесін талдаған теориялық ғылыми зерттеулерді зерделей отырып айқындалған, зерттеу бағыттары жүйеленген. Соған сәйкес іріктелген 400 мәтіннен терілген 70 прецеденттік феноменге талдау жасау арқылы дәлелденген.</p> <p>7.5 Диссертация мазмұны халықаралық Scopus ғылыми деректер базасына енгізілген басылымдарда 2 мақала, ҚР ҒжЖБМ-нің Ғылым және жоғары білім саласы бойынша сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен тізімдегі басылымда 5 мақала және халықаралық конференция жинақтарында 3 мақаланың жариялануымен расталады.</p>
8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) ия; 2) жоқ.	<p>Диссертациялық жұмыстың әдіснамасын таңдау сапалы негізделген, қолданылған зерттеу әдістері диссертациялық жұмыстың бөлімдерінде нақты сипатталған.</p> <p>Зерттеуде БАҚ мәтіндерін лингвомәдени тұрғыдан талдау, семантикалық-интерпретациялық әдістер, мәнмәтіндік талдау, сондай-ақ прецедентті мәтіндердің қолданыс аясын айқындауға бағытталған салыстырмалы, сипаттамалы және саралау әдістері кеңінен пайдаланылған. Зерттеудің негізгі ғылыми нәтижелері БАҚ мәтіндеріне жасалған мазмұндық және құрылымдық талдау негізінде қалыптасқан. Прецедентті феномендердің жастар танымында қабылдануын анықтау</p>

			<p>мақсатында Google Forms сауалнама әдісі мен Python бағдарламасы қолданылған. Аталған әдістерді пайдалануы диссертанттың тыңғылықты теориялық және әдістемелік дайындығын байқатады.</p>
		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ.</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған. Нақты атасақ, Google Forms пен Python бағдарламасын эксперименттік талдауда пайдаланған.</p>
		<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ.</p>	<p>Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар 4 эксперименттік зерттеумен дәлелденген. Атап айтқанда, прецедентті мәтіндердің («Оян, қазақ!») жастардың қабылдауында танылуын анықтау мақсатында қазақ (144) және орыс тілді (90) студенттер арасында сауалнама алынып, талданып, қорытындыланған (67-68-беттер), 2) прецедентті айтылымдардың лингвомәдени сипатын ашуда қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде бірдей кездесетін прецедентті айтылымдарды салғастырып талдап, олардың қазіргі қолданыста жұмсалып, танылу деңгейін анықтау мақсатында 234 респондент қатысқан сауалнама алынып, талданған (95-98-</p>

			<p>беттер) 3) «Сіз үшін жүйрік тұлпар символы» деген сауалнама (108-109-беттер), 4) әмбебап прецедентті тіркестердің қазақ және орыс тілді студенттер қабылдауында танылуына қатысты сауалнама алып, нәтижесін талдап, қорытындылаған (123-124-беттер). Сол арқылы ұсынылған қорытындылар расталған. Диссертант өз жұмысының негізгі ой-қорытындылары мен талдауларын жүйелеп 8 кесте мен 31 сурет ұсынған.</p>
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара расталған / расталмаған.</p>	<p>Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Диссертациялық жұмыстың теориялық және әдіснамалық негізін интертекстуалдылыққа қатысты (М. М. Бахтин, Р. Барт, Ю. Кристева, Ю. Тынянов, Ж. Женетт, Н. Пьеге-Гро, Н. А. Кузьмина, Н. А. Фатеева, Г. В. Денисова, В. П. Москвин, С. Г. Воркачев, Л. А. Шестак, Е. А. Земская, В. Г. Костоморов, Т. Л. Солганик, М. В. Саблина, О. В. Фокина, А. С. Әділова, Б. А. Абдыханова), прецеденттілік феномен теориясы бойынша (Д. Б. Гудков, И. В. Захаренко, Ю. Н. Караулов, В. В. Красных, С. Л. Кушнерук, Г. Г. Слышкин, Д. В. Багаева, А. Д. Васильев, Е. А. Нахимова, Э. М. Аникина, О. А. Ворожцова, Y. Velykoroda, Е. А. Журавлева, Ж. Д. Капарова, В. В. Джанаева, Ж. Д. Маликова, Г. Г. Мәдиева, С. К. Иманбердиева, Г. Қ. Ихсанғалиева, Қ. Қ. Рысберген) ғылыми айналымдағы зерттеу еңбектер құраған, олардың</p>

			теориялық тұжырымдары басшылыққа алынып, сілтемелермен расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті</u> /жеткіліксіз.	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолу жасауға жеткілікті. Диссертациялық жұмыста отандық және шетелдік авторларды, электрондық дереккөздерді қосқанда 197 әдебиет көзі қолданылған және барлығына сілтемелер диссертациялық жұмыстарды рәсімдеуге арналған талаптарға сай көрсетілген.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) <u>бар</u> ; 2) жоқ.	Диссертациялық жұмыс интертекстуалдық теориясын, мәтін лингвистикасын, прагмалингвистиканы және лингвомәдениеттану, лингвофольклортану, медиалингвистиканы, жалпы тіл білімінің жалпы және жеке сұрақтарын дамытуға, олардың ұғымдық аппаратын толықтыруға септігін тигізеді.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ.	Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Нақты айтқанда, Python бағдарламалау тілі негізінде арнайы кітапханалар (мысалы, pandas, re, nltk, spacy) көмегімен прецедентті феномендердің лингвомәдени базасын құрастыруы және оларды автоматты түрде тану алгоритмдерін әзірлеуі осындай бағыттағы болашақ жұмыстарды жүргізуде, әсіресе, медиа талдау мен лингвистикалық мониторинг салаларында практикалық маңызға ие.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?	Диссертациялық жұмыстағы практикалық

		<p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады. Python бағдарламалау тілі негізінде арнайы кітапханалар (мысалы, pandas, re, nltk, spacy) көмегімен прецедентті феномендердің лингвомәдени базасын құрастыруы және оларды автоматты түрде тану алгоритмдерін әзірлеуі, сол қосымшамен талдау жүргізу алғаш рет жүзеге асып отыр.</p>
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) <u>жоғары</u>;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) орташадан төмен;</p> <p>4) төмен.</p>	<p>Диссертацияның академиялық жазу сапасы жоғары деңгейде орындалған, ғылыми жұмыс диссертацияға қойылатын талаптарға сай жазылған. Нормативтік сілтемелер, белгілеулер мен қысқартулар, анықтамалар талапқа сай жүйелі жасалған.</p>
11.	Диссертацияға ескертулер		<p>Диссертация мазмұны, құрылымы, әдіснамалық негізі қисынды, ұсынылған тұжырымдар, олардың дәлелдемелері дәйекті, сондықтан нақты ескертуді қажет ететін тұстар байқалмады.</p>
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми		<p>Докторанттың диссертация тақырыбы бойынша он жарияланымы бар. Олардың мазмұны диссертацияның әрі теориялық, әрі практикалық негізін құрайтын бөліммен сай келеді. Әр жарияланымының ғылыми деңгейі жоғары.</p>

	деңгейін зерделейді)		
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 4.10-тармағына сәйкес)		Каппасова Айгерим Шугаевнаның «8D02301 – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша «БАҚ-тағы интертекстуалдылықтың типтері және репрезентациясы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы талаптарға сай орындалған, философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.

Ресми рецензент,
филология ғылымдарының докторы, профессор



Садирова Кулзат Каниевна

« » ____ 2025 жыл